

Активтерді инвестициялау қағидаларын және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақыны алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 199 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 қыркүйекте № 17396 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражатын және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау қағидалары мсы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақыны алу қағидалары осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 199 қаулысына
1-қосымша

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру" акционерлік қоғамының меншікті активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру" акционерлік қоғамының меншікті активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қор туралы заң) сәйкес әзірленді және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) меншікті активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қордың меншікті активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын (бұдан әрі – резервтер қаражаты) инвестициялаудың негізгі мақсаттары:

1) Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын сақтау және оларды көбейту;

2) Қордың меншікті активтері мен резервтер қаражатының өтімділігінің жеткілікті деңгейін сақтау;

3) Қордың меншікті активтерінің және резервтер қаражатының кірістілігін қамтамасыз ету.

2. Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау бір немесе бірнеше инвестициялық стратегия шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Соның шеңберінде Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау жүзеге асырылатын инвестициялық стратегияны (инвестициялық стратегияларды) Қор басқармасы әзірлейді және оны Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

4. Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау мақсатында Қорда бір немесе бірнеше инвестициялық комитет құрылады.

5. Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бір немесе бірнеше инвестициялық портфель шеңберінде жүзеге асырылады.

6. Қор Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау туралы шешімдерді дербес түрде қабылдайды не Қордың меншікті активтері мен резервтер қаражатын инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы) басқаруына береді.

7. Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау жөніндегі шешімді Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерімен және өкілдері Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын қатысушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен үлестес емес ұйымдар қатарынан таңдалады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Инвестициялық портфельді басқарушы Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялық басқаруды Қордың Директорлар кеңесі бекіткен инвестициялық стратегияның (инвестициялық стратегиялардың) негізінде жүзеге асырады.

2-тарау. Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау тәртібі

9. Қордың меншікті активтерін және резервтер қаражатын инвестициялау туралы шешімдерді дербес түрде қабылдаған жағдайда Қор мыналарды реттейтін ішкі құжаттарды әзірлейді:

1) инвестициялық комитетті қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібі, оның негізгі міндеттері мен құзыреті;

2) Қордың меншікті активтеріне және резервтер қаражатына қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау тәртібі;

3) инвестициялық қызметтің нәтижелерін ішкі бақылау тәртібі.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген Қордың ішкі құжаттарын Қор басқармасы әзірлейді және Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

10. Инвестициялық комитет (инвестициялық комитеттер) Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесі (тәуекел менеджері) әзірлеген ұсынымдар негізінде Қордың меншікті активтеріне және резервтер қаражатына қатысты инвестициялық шешімдер қабылдайды.

11. Инвестициялық комитет (инвестициялық комитеттер) Қор туралы заңда айқындалған функциялардан басқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өткізу кезеңділігін тәуекелдің маңыздылығына қарай, бірақ жылына екі рет Директорлар кеңесі белгілейтін инвестициялық портфельге (инвестициялық портфельдерге) тән тәуекелдер көрсеткіштерінің мониторингі;

2) тұрақты стресс-тестілеу және тәуекелдерді талдау;

3) тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау және қолдану;

4) тәуекелдердің рұқсат етілетін мөлшеріне лимиттер белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) тәуекелдерді басқару бойынша жоспарлар әзірлеу;

6) тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, Қордың инвестициялық стратегиясына (инвестициялық стратегияларына) өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығару.

12. Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесінің (тәуекел менеджерінің) ұсынымы мыналарды қамтиды:

1) ұсынымның берілген күні және нөмірі;

2) ұсыным беру үшін пайдаланылған ақпарат көздерінің тізбесі (сипаты);

3) ұсыным беру үшін пайдаланылған ақпаратты талдау нәтижелері;

4) инвестициялық шешімнің ұсынылатын нұсқалары;

5) ұсыным берген адамдардың қолдары.

13. Инвестициялық шешім мыналарды қамтиды:

1) инвестициялық шешімнің қабылданған күні және нөмірі;

2) инвестициялық шешім қабылдауға негіз болған ұсынымның берілген күні мен нөмірі;

3) жасалуға тиіс мәміленің түрі;

4) ол бойынша мәміле жасалуға тиіс қаржы құралының сәйкестендіргіші;

5) жасалуға тиісті мәміленің көлемі, бағасы және сомасы (көлемінің, бағасы мен сомасының ауқымы);

6) мәмілені жасау мерзімдері;

7) мәміле жасау болжанатын нарықтың типін (бастапқы немесе қайталама) көрсету;

8) оның көмегімен мәміле жасау болжанатын брокердің атауы (ол болған кезде);

9) Қордың меншікті активтері және резервтер қаражаты есебінен мәміле жасау көзделетін инвестициялық портфельдің атауы;

10) инвестициялық шешім қабылдаған тұлғалардың қолдары;

11) инвестициялық шешім қабылдауға қатысқан адамның ерекше пікірі (бар болса).

Қор туралы Заңда және Қағидаларда реттелмеген Қорда инвестициялық шешімдер қабылдау рәсімдері Қордың ішкі қағидаларында айқындалады.

14. Қабылданған инвестициялық шешімдерге және осы инвестициялық шешімдерді орындау үшін жасалған мәмілелерге бақылауды жүзеге асыру үшін Қорда қабылданған инвестициялық шешімдерді, орындалған және орындалмаған мәмілелерді есепке алу және тіркеу журналдары, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарында көзделген өзге де журналдар жүргізіледі.

15. Қор әрбір айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша айына кемінде бір рет өзінің есепке алу жүйесінің деректерін олардың инвестициялық портфельді басқарушының (ол болған кезде) және резервтер қаражатын есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның деректеріне сәйкестігіне қатысты салыстырып тексеруді жүргізеді.

16. Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген салыстырып тексеру қорытындылары салыстырып тексеру актісімен (салыстырып тексеру актілерімен) ресімделеді.

17. Қор биржасы делистингке ұшыратқан бағалы қағаздарды өткізуді қоспағанда, Қордың қайталама нарықтағы бағалы қағаздармен мәмілелерін Қор ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасайды.

18. Қордың меншікті активтері мен резервтер қаражатының қатысуымен ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.

19. Қордың меншікті активтері мен резервтер қаражаты есебінен "кері репо" мәмілелері қор биржасының сауда жүйесінде орталық контрагенттің қатысуымен автоматты түрде жасалады және күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге жасалады.

20. Егер қандай да бір мән-жайлардың нәтижесінде Қордың инвестициялық портфелінің (инвестициялық портфельдерінің) құрылымы Қағидаларда белгіленген

талаптарға сәйкес келмей қалса, Қор осындай сәйкессіздікті одан әрі күшейтетін активтер орналастыруды дереу тоқтатады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі-уәкілетті орган) хабарлайды, сондай-ақ уәкілетті орган оны мақұлдаған жағдайда 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады, іс-шаралар жоспарында айқындалған мерзімдерде бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 199 қаулысына
2-қосымша

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Қор туралы заң) сәйкес әзірленді және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты (бұдан әрі-резервтер қаражаты) есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін белгілейді.

2. Қор Қордың меншікті активтерін, резервтер қаражатын мынадай қаржы құралдарына:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар, ағымдағы шоттар;

2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін салымдар, ағымдағы шоттар:

Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

Қазақстан Республикасының резидент-еншілес банктері болып табылатын, Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас банктері;

3) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша (эмиентінің) "BB-" -тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA-" -тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының борыштық бағалы қағаздары;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда), кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар борыштық бағалы қағаздары, Қазақстанның Даму Банкінің борыштық бағалы қағаздары;

5) Standard&Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" -тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар борыштық бағалы қағаздар;

6) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар;

7) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA-" -тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) тазартылған қымбат металдар мен металл шоттарына орналастыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қордың меншікті активтерін Тізбенің 2-тармақтың 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық орналастыру Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің кемінде елу пайызын құрайды.

Резервтер қаражатын Тізбенің 2-тармақтың 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық орналастыру резервтер қаражатының кемінде 80 (сексен) пайызын құрайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қордың меншікті активтерін қаржы құралдарына (баланстық құны бойынша) жиынтық орналастыру мынадай:

1) екінші деңгейдегі бір банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөнінде Қормен агенттік келісім негізінде қызметтер көрсететін банк-агентті қоспағанда) және оның үлестес тұлғаларының салымдарына, ақшасына және бағалы қағаздарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) - Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 20 (жиырма) пайызынан аспайтын, бірақ осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

2) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін қоспағанда) және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының борыштық бағалы қағаздарына - Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 20 (жиырма) пайызынан аспайтын, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

3) мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздарға ("кері репо" операцияларын ескере отырып) - Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 30 (отыз) пайызынан астам емес;

4) Қордың меншікті активтерінің қатысуымен жасалатын "кері репо" мәмілелері Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 20 (жиырма) пайызынан астам емес;

5) борыштық бағалы қағаздарға бір шығарылым борыштық бағалы қағаздардың жалпы көлемінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

6) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарға – Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 10 (он) пайызынан аспайды, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

7) тазартылған қымбат металдарға және металл шоттарға – Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 10 (он) пайызынан астам емес мәндерден аспайды.

Осы тармақта белгіленген Қордың меншікті активтерін жиынтық орналастыру жөніндегі талаптар Тізбенің 2-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарға қолданылмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Резервтер қаражатын қаржы құралдарына жиынтық орналастыру (баланстық құны бойынша) мынадай:

1) екінші деңгейдегі бір банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөнінде Қормен агенттік келісім негізінде қызметтер көрсететін банк-агентті қоспағанда) және осы банктің үлестес тұлғаларының салымдарына, ақшасына және бағалы қағаздарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) – резервтер қаражатының 20 (жиырма) пайызынан астам емес;

2) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін қоспағанда) және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының борыштық бағалы қағаздарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) – резервтер қаражатының 20 (жиырма) пайызынан астам емес;

3) мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздарға ("кері репо" операцияларын ескере отырып) – резервтер қаражатының 20 (жиырма) пайызынан астам емес;

4) резервтер қаражатының қатысуымен жасалатын "кері репо" мәмілелері-резервтер қаражатының 10 (он) пайызынан астам емес;

5) борыштық бағалы қағаздарға – бір шығарылған борыштық бағалы қағаздардың жалпы көлемінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

6) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарға – резервтер қаражатының 10 (он) пайызынан аспайтын, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

7) тазартылған қымбат металдарға және металл шоттарға – резервтер қаражатының 10 (он) пайызынан астам емес мәндерден аспайды.

Осы тармақта белгіленген резервтер қаражатын жиынтық орналастыру жөніндегі талаптар Тізбенің 2-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарға қолданылмайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Standard & Poor 's (Стандард энд Пурс) агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган Moody' s Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) және Fitch (Фич) агенттіктерінің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының рейтингтік бағаларын да таниды.

7. Тізбеде реттелмеген инвестициялаудың қосымша лимиттері Қордың инвестициялық стратегиясында (инвестициялық стратегиясында) белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 199 қаулысына
3-қосымша

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақыны алу қағидалары

Ескерту. Қаулы 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақыны алу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес әзірленді және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялаудан жиынтық инвестициялық кірістен (бұдан әрі – резервтер қаражаты) және сақтандыру ұйымдары енгізген жиынтық жарналардан комиссиялық сыйақыны алу тәртібін айқындайды.

2. Қор комиссиялық сыйақы алуды қорытындылары бойынша Заңның 8-1-бабы 2-тармағында белгіленген мөлшерден аспайтын комиссиялық сыйақы алынатын қаржы жылының соңына дейін Қордың Директорлар Кеңесі белгілеген мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырады.

3. Резервтер қаражатына қатысты инвестициялық қызметті жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы сомасы Қордың Директорлар кеңесі бекіткен комиссиялық сыйақы мөлшерлемесін Қор акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен жылдық қаржылық есептілікке сәйкес қаржы жылының қорытындылары бойынша резервтер қаражатын инвестициялаудан алынған жиынтық инвестициялық кіріс сомасына көбейту арқылы айқындалады.

4. Қор қаржы жылының қорытындылары бойынша теріс жиынтық инвестициялық кіріс болған жағдайда резервтер қаражатына қатысты инвестициялық қызметті жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы алмайды.

5. Жарналар үшін комиссиялық сыйақы сомасы Қордың Директорлар кеңесі бекіткен комиссиялық сыйақы мөлшерлемесін сақтандыру ұйымдары қаржы жылында Қорға енгізген жиынтық жарналардың сомасына көбейту арқылы Қор акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен жылдық қаржылық есептілікке сәйкес қаржы жылының қорытындылары бойынша айқындалады.

6. Қор резервтер қаражатын есепке алу үшін ашылған банк шоттарынан Қордың меншікті активтері үшін ашылған банк шотына ақша қаражатын аудару арқылы комиссиялық сыйақы алады.